

Автокөлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндettі сақтандыру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 31 қазан N 1319. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2003.07.31. N 765 қаулысымен.

"Сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 3 қазандағы N 2475 (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің ведомостары, 1995 ж., N 19, 115-құжат) және "Қазақстан Республикасындағы көлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерту енгізу туралы" 1996 жылғы 27 қаңтардағы N 2832 Заң қүші бар Жарлықтарын орындау үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Автокөлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндettі сақтандыру туралы ереже бекітілсін (қоса беріліп отыр).

2. Автокөлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндettі сақтандыру шарты жасалмаса автокөлік құралдарын пайдалануға жол берілмейді.

3. Автокөлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндettі сақтандыруды сақтандырудың осы түрін жүзеге асыруға арналған лицензиялары бар сақтандыру үйымдары жүзеге асырады. Сақтандыру үйымдарына автокөлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндettі сақтандыру жүргізуге рұқсат беру үшін қосымша талаптарды Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сақтандыруды қадағалауы белгіледі.

4. Автокөлік құралдары иесінің (сақтанушы) тиісті лицензиясы бар кез келген сақтандырушылармен азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндettі сақтандыру шартын жасасуға құқығы бар.

5. Автокөлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндettі сақтандыру шарты бойынша сақтандыру төлемдері ставкаларының ең жоғарғы мөлшерлері мен келтірілген залалды (зиянды) сақтандырумен қамтамасыз етудің (өтеудің) ең төменгі мөлшерін Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сақтандыруды қадағалауының ұсынысы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

6. Автокөлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндettі сақтандыру жөніндегі операцияларды жүргізетін сақтандыру үйымдары бұл мақсатқа сақтандырудың аталмыш түрі бойынша сақтандыру төлемдерінің

кемінде 75 процентін бағыттай отырып сақтандыру резервтерін құрады.

7. Автокөлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндettі сақтандыру жөніндегі сақтандыру резервтерінің қаражаттары сақтандырудың басқа түрлері бойынша төлем үшін пайдаланыла алмайды.

8. Сақтандырушылар автокөлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндettі сақтандыру жөнінде түскен төлемдер есебінен жол-көлік оқиғасын болдырмау жөніндегі шараларды қаржыландыру резервін

кұра
а ла д ы .

9. Министрліктер, мемлекеттік комитеттер және басқа да орталық атқарушы органдар осы қаулыға қайшы келетін нормативтік актілерді, нұсқаулықтарды және бұйрықтарды қайта қарау мен тоқтатуды қамтамасыз етсін.

10. Осы қаулы күшіне енген күннен бастап мыналардың күші жойылған деп
т а н ы л с ы н :

"Көлік құралдарының иелері - заңды тұлғалардың міндettі азаматтық сақтандыру жауапкершілігін енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 7 желтоқсандағы N 1030 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1992 ж., N 48, 708-құжат);

"Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 2 желтоқсандағы N 1014 және 1992 жылғы 7 желтоқсандағы N 1030 қаулыларына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 11 маусымдағы N 501 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1993 ж., N 23, 289 - құжат);

"Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 7 желтоқсандағы N 1030 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 26 қазандағы N 1060 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1993 ж., N 42, 507-құжат).

11. Осы қаулы 1997 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің*

бірінші орынбасары

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

1996 жылғы 31 қазандағы

N 1319 қаулысымен

Бекітілген

**Автокөлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық
жауапкершілігін міндettі сақтандыру туралы**

ЕРЕЖЕ

I. Жалпы ережелер

1. Автокөлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру жол-көлік оқиғасының (бұдан әрі - ЖКО) нәтижесінде зардап келтірлген үшінші адамдардың мүліктік мүдделерін қорғауды мақсаттұтады.

Осы Ереже Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Мемлекеттік автомобиль инспекциясы (бұдан әрі - МАИ) органдарында және автокөлік құралдарын тіркеуді жүзеге асыратын басқа да органдарда мемлекеттік тіркеуге және есепке алынуға жататын автокөлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру кезінде пайдаланатын болған құқықтық қатынастарын реттейді.

Көлік құралының иесі ол пайдаланатын барлық автокөлік құралдары бойынша өзінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыруға міндettі.

Иесі өзінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандырмаған автокөлік құралын пайдалануға жол берілмейді.

2. Меншік нысаны мен ведомствоның бағыныстырығына қарамастан, Қазақстан Республикасының аумақтарына орналасқан шет елдік, шетелдермен бірлескен және басқа да ұйымдарды қоса алғанда автокөлік құралдары иелері - занды тұлғалардың және Қазақстан Республикасы азаматтарының да, шетелдік азаматтар мен азаматтығы жоқ автокөлік құралдары иелері - жеке адамдардың ЖКО салдарынан зардап шегушілерге, атап айтқанда: азаматтардың өміріне немесе денсаулығына, олардың мүлкіне және занды тұлғалардың мүлкіне келтірген зияндары мен залалдары үшін азаматтық-құқықтық жауапкершілігі міндettі сақтандыруға жатады.

Автокөлік құралдары Қазақстан Республикасының аумағына уақытша (1 айдан астам мерзімге) кіргенде Қазақстан Республикасының аумағында танылатын азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру шарты жоқ шетелдік автокөлік иелері осы Ережеде белгіленген тәртіпте автокөлік құралдарының Қазақстан Республикасының аумақтарында болған барлық кезеңіне сақтандыру шартын жасасады.

3. Автокөлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндettі сақтандыру (бұдан әрі - міндettі сақтандыру) "Сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығы мен осы Ережеге сәйкес сақтанушы мен сақтандырушының арасында жасалатын сақтандыру шарттарының негізінде жүзеге асырылады.

4. Ережеде мынадай анықтаулар қолданылады:

автокөлік құралдары - жеңіл, жүк, жүкжолаушы автомобильдері, шағын автобустар, автобустар, троллейбустар, трамвайлар, мотокөлік, сондай-ақ олардың тіркемелері;

автокөлік құралдарының иелері - оларға тиесілі меншік құқығының,

шаруашылық жүргізу құқығының, жедел басқару құқығының күшімен не болмаса өзге де негіздер бойынша (жалға алу шарты бойынша, құзыретті органдардың ұйымдарға уақытша пайдалануға автокөлік құралдарын беру туралы және с.с. өкімнің күшімен автокөлік құралдарын жүргізуге беру сенімхаты бойынша) автокөлік құралдарын пайдаланушы ұйымдар немесе азamatтар;

ұшінші адам (зардап шегуші) - сақтандыру шарты бойынша тарап болып табылмайтын және залал келтірудің салдарынан туындастын міндеттіліктер туралы Қазақстан Республикасының азаматтық заңдарына сәйкес зардап шегуші деп танылған адам, сондай-ақ оның мұрагері немесе құқықтық мұрагері;

автокөлік құралын пайдалану кезіндегі азаматтық-құқықтық жауапкершілік - ЖКО салдарынан ұшінші адамдардың өміріне, денсаулығына немесе мұлкіне келтірген залалды өтеудегі сақтанушының заңмен белгіленген міндеті;

автокөлік құралын пайдалану - жүргізушінің автокөлік құралын тікелей басқаруы, сондай-ақ трассада автокөлік құралдарына қызмет көрсету;

жол-көлік оқиғасы - көлік құралдарының жолда жүру процесінде және оның қатысуымен пайда болған, адамдар қаза тапқан немесе жарақаттанған, мұліктөр бүлінген немесе жойылған үақиға.

5. Сақтандырушы сақтанушы үшін осы Ережеде жазылғаннан неғұрлым тиімдірек шарт ұсынуға құқықты.

II. Сақтандыру шарты

6. Міндетті сақтандыру шарты сақтанушы белгіленген нысан (1-қосымша) бойынша толтыратын жазбаша өтініштің (өтініш-саулнама) негізінде жасалады.

7. Шарт жасасу кезінде автокөлік құралдарының иесі сақтандырушыдан азаматтық-құқықтық жауапкершілікті міндетті сақтандырудың шарттары мен қолданылу тәртібін түсіндіруді талап етуге құқықты.

Автокөлік иесі міндетті сақтандыру шартын жасасу туралы өтініш берген кезде сақтандырушы сақтанушыдан мұның алдындағы сақтандыру шарттары туралы толық ақпарат ұсынуын талап етуге құқықты.

8. Міндетті сақтандыру шарты - құнтізбелік жылға (1 қаңтардан 31 желтоқсанға дейін тұтас), ал 1 қаңтардан кейін алған автокөлік құралдары бойынша - олар сатып алынған сәттен бастап 31 желтоқсанға дейін жасалады.

МАИ органдары көлік құралын пайдалану процесінде сақтандыру шартының болуын бақылады.

9. Шарт жасасу сақтандыру шарты болып табылатын белгіленген нысандағы сақтандыру полисін (2-қосымша) жыл сайын ресімдеумен және сақтандырушыға берумен күделандылады.

Сақтанушыға сақтандыру полисімен бір уақытта әр көлік бірлігі үшін сақтандыру полисінің номіріне сәйкес номірімен, белгіленген үлгідегі

сақтандыру талоны (4-қосымша) беріледі.

10. Алдағы жылға арналған міндетті сақтандыру шарты ағымдағы жылдың 1 қазанынан 31 желтоқсанына дейінгі кезеңде жасалады және сақтандыру төлемдері бір уақытта немесе бөліктерімен төленеді (3-қосымша).

11. 1 қантардан кейін алынған автокөлік үшін сақтандыру төлемі 5-қосымшада мазмұндалған кестеге сәйкес жылдың аяғына дейін қалған айлардың санынан тіпеп-тең төленеді. Бұл жағдайда толық емес ай толыққа саналады.

Жылға жетпейтін мерзімге жасалған сақтандыру шарты бойынша төлем бір уақытта төленеді.

Сақтандыру төлемін уақытында төлемегені үшін сақтанушыдан мерзімі өткен күн үшін Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде көзделген мөлшерде (жалпы бөлімі, 353-бап), бірақ белгіленген сақтандыру төлемінің жалпы сомасының артық емес өсім өндіріледі.

12. Көлік құралын тікелей басқаруды жүзеге асыратын, автокөлік құралдарын әлеуметтік қамсыздандыру органдары арқылы тегін алған азаматтар, I-II топтардағы мүгедектер, сондай-ақ Ұлы Отан соғысының қатысуышылары мен оларға теңестірілген адамдар азаматтық-құқықтық жауапкершілікті міндетті сақтандыруы бойынша сақтандыру төлемдерін белгіленген жылдық төлемнің 50 проценті мөлшерінде төлейді.

13. Автокөлік құралының иесі өзгерген жағдайда сақтандыру шарты бойынша оның құқықтары мен міндеттері сақтанушының келісімімен азаматтық занда айқындалған тәртіпте тиісті құқықтық мұрагерге ауыса алады.

14. Көлік құралын авариясыз пайдаланған кезде сақтандырушыға сақтандыру төлемінен мынадай мөлшерде жеңілдік ұсынылады:

Авариясыз пайдалану мерзімі (жыл) | Жарнадан берілетін жеңілдіктің | проценті

2 5

3 1 0

4 1 5

5 және одан да көп 20

Сақтандырушыға көрсетілген кезеңдерде жасалған сақтандыру шарты бойынша сақтандыру өтемін төлеу туралы өтініш ұсынбау авариясыз пайдалану болып саналады.

Сақтандырушы ауысқан жағдайда сақтанушыға ол оның алдындағы сақтандыру жылдарында автокөлік құралдарын авариясыз пайдаланғандығы туралы растаушы құжатты ұсынған кезде сақтандыру төлемінен жеңілдік ұсынылады.

15. Автокөлік құралдары басқа мемлекеттен Қазақстан Республикасына келген кезде МАИ қызметкерлері оның жүргізуісіне міндettі сақтандыру шартын жасасудың қажеттігі туралы ескертуге және сақтандыруши ұйымдардың орналасқан жері туралы ақпарат беруге міндettі.

Шетелдік автокөлік құралдары кеткен кезде оның жүргізуісі МАИ қызметкерлеріне сақтандыру полисін көрсетуге міндettі. Егер автокөлік құралы Қазақстан Республикасының жол қозғалысында міндettі сақтандыру шартын жасаспастан пайдаланылса немесе ол Қазақстан Республикасында сақтандыру шартының қолданылу мерзімінен ұзақ болса онда 5-қосымшаға сәйкес мөлшерде сақтандыру төлемін төлеуі керек.

16. Егер Қазақстан Республикасының қатысуымен халықаралық шартта осы Ережеде мазмұндалғаннан басқадай шарт қарастырылған болса, онда халықаралық шарттың нормалары қолданылады.

III. Сақтандыру өтемі

17. ЖКО үшінші адамдардың өлуіне, мертігуіне немесе денсаулығының басқадай зақымдануына, сондай-ақ мүлкінің бүлінуіне немесе жойылуына әкеліп соқтырса сақтандыруши сақтандыру өтемін төлейді.

18. ЖКО нәтижесінде зардап шегушіге келтірілген залал үшін сақтандыру өтемі келтірілген залалдың дәрежесіне қарай төленеді (6-қосымша).

19. Жол-көлік оқиғасына қатысушылардың олар келтірген зияндарға қаншалықты кінәлі екендігін кінәлілердің кінәсін мойындауы жолымен немесе тергеу, тексеру органдарының талаптарынан белгілі болады, ал келіспеушілік болған жағдайда сот тәртібімен шешіледі.

20. Үшінші адамның жеке басына немесе мүлкіне залал, егер залал келтіру: қарғысудың, басып кетудің, соғудың, құлаудың, көлік құралы аударылуының;

өздігінен жанудың (өрттің), жарылудың нәтижесінде болса сақтандыру жағдайы болып саналады және сақтандырумен өтеледі.

21. Үшінші адамдарға мынадай жағдайларда:
көлік құралын тиегенде немесе түсіргенде;
көлік құралын жарыстарда, сынақтарда пайдалану немесе арнаулы орындарда жүргізу ді уйрену кезінде;

өрт қауіпсіздігі тәртібі бұзылғанда, улы, отқа тұтанғыш және жарылғыш заттарды тасымалдағанда және сақтағанда;

көлік иесі көлік құралын қылмыс құралы ретінде пайдаланғанда;
қоршаған табиғи ортаны ластағанда немесе зақымдағанда;
ЖКО-мен байланысты емес қоғамдық тәртіп бұзушылықта, әскери қақтығыстарда, зілзала апаттарында, оқ-дәрілердің жарылышында;
көне және сирек заттар, құнды металдардан жасалған бұйымдар, құнды,

жартылай құнды және өндөлген тастар, діни сенім заттары, коллекциялар, суреттер, қолжазбалар, ақша белгілері, бағалы қағаздар зақымданғанда немесе жойланда;

үшінші адамдардың қатысуы МАИ-дің тиісті құжаттарымен расталмаған ЖКО;

Қазақстан Республикасының заңына сәйкес сақтандыруышының жоғары қауіп тудырушы ретіндегі жауапкершілігін жоққа шығаратын жағдайларда залал келтіру оқиғасы міндетті сақтандырумен өтелмейді.

Үшінші (зардап шегуші) адамның моральдық зияны мен түспеген пайдасы және зардап шегушінің тарауларды әкелу мерзімін немесе жұмыс өндірістерін (қызмет көрсету), контракты (шарт) бойынша өзге де міндеттемелерін бұзуына байланысты пайда болған шығындары да (айыппұлдар, тұрақсыздық және т.б.) сақтандырумен өтелмейді.

Егер сақтанушы дәлелді себептерсіз осы Ережеде белгіленген мерзімдерде сақтандыру оқиғасы туралы сақтандыруышыға хабарламаса немесе сақтандыруышының (оның өкілінің) бүлінген мүлікті қарауына кедергі келтірсе сақтандыруыш сақтандыру өтемін төлеуден бас тарта алады.

22. Үшінші адамның өзіне немесе мүлкіне залал келтірілген жағдайда зиянның мөлшері соттың шешімімен сақтанушыға жүктелген, не болмаса сақтанушының сақтандыруышымен және зардап шегушімен келісімі бойынша мойындалған сомаға сүйеніп айқындалады.

Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершіліктерін міндетті сақтандыру бойынша сақтандыру өтемі сақтанушының жауапкершілігін белгілеген сот шешімі күшіне енген немесе сақтандыруышының алдын ала келісуімен сақтанушының өзі үшінші адамның алдындағы жауапкершілігін мойындаған және төлем туралы мәселені шешу үшін қажетті барлық құжаттар алынған құннен бастап 7 банкілік құннің ішінде жүргізіледі.

23. Мүлік бүлінген кезде шығынның мөлшері бүлінген мүліктерді (заттарды) қалпына келтіру құнының немесе жекелеген тораптарды, бөлшектерді, заттарды жөндеу жөніндегі қажетті шығынның сомасының негізінде айқындалады.

Қалпына келтірудің құны мен шығындардың мөлшері сақтандыру жағдайы туындаған сәттегі қолданылып жүрген бағаларға, бағалауларға және тарифтерге сүйеніп сақтандыруыш жасаған есептеудің (калькуляция) негізінде немесе құрылыш, жөндеу және басқа да білікті ұйымдар жасаған есептеу (калькуляция) негізінде айқындалады.

Қажет болған жағдайда сақтандыруыш бүлінген мүлікті қалпына келтіру сметасын жасау немесе сараптау үшін тәуелсіз сарапшылардың қызметтерін пайдаланады.

Келтірілген зиянның мөлшерін анықтау жөніндегі даулар сот тәртібімен

ш е ш і л е д і .

24. Занды тұлғаның мүлкі толықтай жойылып кеткен жағдайда шығынның мөлшері қаншалықты тозғандығы шегеріліп, жойылған мүліктің баланстық құнының, ал жеке адамға - сақтандыру оқиғасы болған күнгі нарықтық баға негізінде айқындалады.

25. Зардап шегушінің мүлкіне келтірілген зиян немесе залал үшін міндетті сақтандыру бойынша өтем ерікті сақтандыру шарты бойынша тиесілі төлемге тәуелсіз төленеді, алайда зардап шегушінің барлық сақтандырушылардан алған сақтандыру өтемінің жалпы сомасы нақты зияннан аспауы тиіс. Залалды өтеу сомасы осы Ережеде белгіленген шектерден асып кеткен жағдайларда зардап шегушінің залал келтіріген автокөлік құралы иесіне залалды қосымша өтеуі туралы сотқа шағым жасауға құқығы бар.

26. Міндетті сақтандыру бойынша залалға өтем төлеген сақтандырушының:

егер залал келтіруші оқиға болған жерден қашып кеткен;

егер сот тергеуі барысында сақтандыру оқиғасы көлік құралының залал келтіруші білген немесе білуі тиіс техникалық ақауы салдарынан болғандығы анықталған;

көлік құралын осы көлік құралын жүргізуге құқығы жоқ не болмаса алкогольдік, есірткілік немесе өзге де мастық жағдайдағы жүргізуі басқарған;

көлік құралы оның техникалық түрғысына тән емес мақсатқа пайдаланылған;

көлік құралын заңсыз иеленген адамдардың әрекетінен залал келтірілген жағдайларда оны кері талап етуге құқығы бар.

27. К е р і т а л а п е т у :

көлік құралы иесіне жалданып жұмыс істейтін жүргізуіге;

көлік құралы иесінің онымен бірлесіп шаруашылық жүргізуі отбасы мүшелеріне;

көлік құралын иесі қасында отырғанда жүргізген адамға ұсынылмайды.

28. Сақтандыру сомасын (сақтандыру өтемін) уақтылы төлемегені үшін сақтандырушы мерзімін өткізіп алған әр күн үшін Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде (жалпы бөлім) көзделген мөлшерде өсім төлейді.

29. Жеке адамға тигізілген зиян үшін сақтандыру өтемі зардап шегушіге (зардап шегушінің мұрагерлеріне) оған және оның мұрагерлеріне мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру, әлеуметтік қамтамасыз ету, міндетті медициналық сақтандыру бойынша немесе сақтандырудың басқа да түрлері бойынша тиесілі сомаға тәуелсіз төленеді.

Сақтандыру өтемін төлеу бір жолғы, сондай-ақ зардап шегушінің тілегіне байланысты уақыт бойынша бөлініп төленуі де мүмкін.

30. Ішкі істер органдары, прокуратура, соттар, медицина мекемелері және өзге де құзыретті органдар сақтандырушыларға міндетті сақтандыру бойынша

өтем төлеуге байланысты мәселелерді шешу үшін қажетті құжаттарды тегін беруге міндettі.

ІҮ. Талаптардың құқықтары мен міндettтері

31. Сақтанушы:

сақтандыру жарнасын уақытында төлеуге; көлік құралын ұсташа мен пайдаланудың белгіленген әрі жалпыға ортақ қабылданған ережелері мен қауіпсіздік нысандарын сақтауға; сақтандыру шартын жасау кезінде сақтандырушыға, егер ондай болған болса бұдан бұрынғы сақтандыру туралы хабарлауға;

сақтандыру оқиғасы басталған кезде 3 тәуліктен кешіктірілмей (демалыс және мереке күндерін есептемегендеге) ол туралы сақтандырушыға сақтандыру оқиғасының орнын, уақытын және барлық жағдайын көрсетіп хабарлауға (сақтанушы, зардал шегушілер немесе олардың мұрагерлері сақтандыру оқиғасының болғандығы туралы хабарлауы мүмкін болмаған кезде бұл ақпаратты сақтандырушыға МАИ органдары жеткізеді);

залалды болдырмауға немесе азайтуға барлық мүмкіндік шараларын қолдануға, мұлікті құтқаруға, зардал шегушілерге көмек көрсетуге;

сақтандыру оқиғасының болғандығы туралы олардың құзыретіне орай тиісті органдарға (милицияға, МАИ-ға, мемлекеттік өрт қадағалау органдарына, авариялық қызметке және т.б.) хабарлауға;

бұлған мұліктің (егер бұл қауіпсіздік немесе зиянның азаю мүддесіне қайши келмесе) сақтандырушының өкілі сақтандыру оқиғасынан кейінгі күнінде көргенге дейін сақталуын қамтамасыз етуге;

сақтандырушы өкілінің ешбір кедергісіз бұлған мұлікті көру, зерттеу, қарau , себебін, зиян мөлшерін және сақтандыру оқиғасы болуының өзге де жағдаяттарын анықтау мүмкіншілігін қамтамасыз етуге;

сақтандырушыға қажетті барлық ақпаратты (егер талап етілсе - жазбаша түрде) хабарлауға, сондай-ақ оған сақтандыру оқиғасының басталу жағдайы мен зиян мөлшерін анықтау үшін қажетті қолда бар құжаттарды беруге;

сақтандырушыға мүмкіндігінше ең қысқа мерзімде зардал шегушінің ресми талабы (азаматтық жауапкершілігі) туралы, сондай-ақ оның барлық жазбаша талабы туралы, құзыретті органдардың келтірілген зияндар мен тигізілген зардаптар фактілері бойынша іс-қимылды (тексеру, сотқа шақыру және с.с.) бастағаны туралы хабарлауға;

залаң мөлшерін анықтау мәселелерін реттеу жөнінде сақтандырушымен
кеңесуге міндettі.

Міндettі сақтандыру шартымен сақтанушының басқа да міндettтері
қарастырылуы мүмкін.

32. Сақтанушының:

көлік құралына иелік ету (пайдалану) құқығының тоқтауына немесе көлік құралының жоғалуына байланысты сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтатқан кезде егер сақтандыру өтемі жүргілмеген болса, сақтандыру төлемі мөлшерінің ең көп дегенде 25 процентін құрайтын істі жүргізуге арналған шығыстар ескеріліп сақтандыру жарнасының сақтандыру мерзімінің ақырына дейін қалған уақытқа тәпеп-тең бөлігін қайтарып алуға;

сақтанушы қөлік құралын аудиеттердің көзделгендерінде женілдіктер мен үстемелердің қолдана отырып, сақтандыру сыйақысын қайта есептеге

құқығы бар.

33. Сақтандышы:

сақтанушыдан міндетті сақтандыруға өтініш пен сақтандыру жарнасын төлегені туралы растама алуы бойынша сақтанушыға сақтандыру полисін беруге;

сақтандыру оқиғасы туралы хабарлама алғаннан кейінгі үш күндік мерзім
ішінде

акті

жасауға;

қажет жағдайларда себептерін, зақымдалу дәрежесін, мүліктің құнын
айқындау үшін акті жасауға қатысуға тиісті құзыретті органдардың мамандарын
(сарашыларын)

шакыруға;

сақтандыру төлеміне байланысты даулар сот тәртібімен қаралатын
жағдайлардан басқа да сақтандырудың шартында барлық құжаттар болған кезде
ең соңғы құжатты алғаннан кейінгі 7 банкілік күннен кешіктірмей сақтандыру
төлемін

бастауға

міндетті.

Міндетті сақтандыру шартымен сақтандырушиның басқа да міндеттері
қарастырылуы

мұмкін.

34. Сақтандышы:

бүлінген мүлікті көруге қатысуға және көру актісіне қол қоюға; құзыретті
органдардан фактіге және сақтанушының қаншалық дәрежеде кінәлі екендігіне
қатысты

құжаттарды

сұрауға;

сотта сақтанушының атынан немесе оның тапсыруымен іс жүргізуге;
егер сақтанушының 32-тармақта көрсетілген талаптарды сақтамауының
салдарынан өтемақы төлеу туралы шешім қабылдауға қажетті жағдайды
айқындау мүмкін болмаса немесе шығын мөлшері айтарлықтай өсіп кеткен болса
, сақтандыру өтемін төлеуден бастартуға құқылы.

Ү. Дауларды шешу

35. Сақтандыру шарты бойынша барлық даулар Қазақстан Республикасының
занында белгіленген тәртіппен қаралады.

1-Қосымша

**Автокөлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық
жауапкершілігін сақтандыру жөніндегі
Өтініш-сауалнама**

199 ____ жылғы _____ " "

1. Сақтанушының атауы (аты-жөні) _____

2. Занды мекен-жайы (тұратын жері) _____

тел: _____

РНН _____ банктің реквизиттері _____

3. Автокөлік құралдары туралы мәлімет (жеке адамдар үшін):
маркасы _____ үлгісі (модель) _____
шыққан жылы _____

нөмірлері: двигательдің _____ шасси _____

кораптың _____ мемнөмірі _____

двигательдің көлемі _____ өзге мәліметтер _____

4. Автокөлік құралдары туралы мәлімет (занды тұлғалар үшін):

Көлік құралдарының түрі	Саны	Мемлекеттік н е м i р i
-------------------------	------	----------------------------

жеңіл автомобилдер, шағын автобустар:
1200 текше сантиметрге дейін
1200-ден 1600 текше сантиметрге дейін
коса есептеді
1600-ден 2000 текше сантиметрге дейін
коса есептеді
2000-нан 2500 текше сантиметрге дейін
коса есептеді
2500 сантиметрден жоғары тіркемелер

автобустар:

20 адамға дейінгілерді қоса алғанда

20 адамнан артық

троллейбустар, трамвайлар, жүк автомобильдері:

2 тоннаға дейінгілерді қоса алғанда

2 тоннадан жоғары тіркемелер

арнайы автокөлік,

мотокөлік

5. Мұның алдындағы жауапкершілікті сақтандыру шарты туралы
ақпарат

(сақтандырушиның атауы, оқиғалар саны

мен өтем төлеудің сомасы)

6. Басқа да қажетті ақпарат _____

Сақтанушы автокөлік құралының құрамы мен саны өзгерген жағдайда
тиісті түзету енгізуге міндептеннеді.

Өтініш-сауалнама сақтандыру полисінің құрамдас әрі бөлінбес
бөлігі болып табылады.

Сақтанушы (немесе оның өкілі): _____

қ о л ы
" " ----- 199 ___ ж.

2-Қосымша

N

Сақтандыру полисі

азаматтың аты-жөні, ұйымның атауы
мен сақтандыру ұйымы "_____ " (бұдан әрі - Сақтанушы)
"Сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші
бар Жарлығына және Автокөлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық
жауапкершілігін міндепті сақтандыру туралы ережеге сәйкес автокөлік
иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру шартын
ж а с а д ы .

Есептелді _____ тенге төлем.

цифрен жазбаша

Женілдік _____ %сомасы _____ тенге

Барлық төлеуге жататыны _____

цифрен жазбаша

Сақтандыру төлемі қолма-қол ақшамен

" " 199 ___ ж. _____ тенге

" " 199 ___ ж. _____ тенге төленді

немесе ақшасыз есеп айырысу жолымен аударылды _____

куни, төлем

тапсырмасының

N

Сақтандыру шарты 199 жылғы "—" 199 жылғы
"—" дейін қолданылады.
Ерекше шарттары

Сақтандыру шартының жағдайымен таныстым, өзім берген мәліметтің дұрыстығын растаймын, полисті алдым.

Сақтанушы (немесе оның өкілі)

аты - жөні , қолы

Полис "—" 199 жылы
б е р і л д і .

M . O .

Сақтандырушы

аты-жөні қолы

3-Қосымша

Алматы қаласы мен Оңтүстік Қазақстан облысындағы көлік құралы бірлігінен алынатын жылдың сақтандыру төлемінің

МӨЛШЕРІ

(ең төменгі айлық есептік көрсеткішпен)

Көлік құралының ұлгісі,

| Төлем мөлшері

двигателінің көлемі |

1.	Жеңіл автомобилдер мен шағын автобустар:	
	1200 текше сантиметрге дейін	3,0
	1200-ден 1600 текше сантиметрге дейін	
	қоса есептегендे	4,0
	1600-ден жоғарыдан 2000 текше сантиметрге дейін	5,0
	2000-нан 2500 текше сантиметрге дейін	
	қоса есептегенде	6,0
	2500 текше сантиметрден жоғары	7,0
2.	А в т о б у с т а р :	
	20 жолаушылар орнына дейін, қоса	
	есептегендे	6,0
	20-дан жоғары жолаушылар орыны	7,0
3.	Троллейбустар, трамвайлар,	7,0
4.	Ж ү к а в т о м о б и л ь д е р і :	
	жүк көтеруі 2 тоннаға дейін	7,0
	2 тоннадан жоғары	9,0

5. Арнайы автокөлік	6,0
6. Мотокөлік	1,5

Алматы, Ақмола, Шығыс Қазақстан, Жамбыл,
 Қарағанды, Қостанай және Павлодар
 облыстарында - 0,9
 Ақтөбе және Семей облыстарында - 0,85
 Жезқазған, Батыс Қазақстан, Көкшетау,
 Солтүстік Қазақстан және Талдықорған
 облыстарында - 0,8
 Атырау, Қызылорда, Маңғыстау және Торғай
 облыстарында - 0,75
 түзету коэффициенті қолданылады.

Ескерту: Тіркеме үшін сақтандыру төлемінің мөлшері көлік құралы тарифінің 10 процентін құрайды.

4-Қосымша

(бет жағы)

Автокөлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндettі сақтандырудың

N _____ Сақтандыру талоны

сақтандыру жылы

көлік құралының мемлекеттік нөмірі

(сыртқы жағы)

Сақтандыруши

а т а у ы

Сақтанушы

(кесіпорынның атауы, жеке адам үшін аты-жөні)

(т о л ы қ т а й)

Көлік құралының маркасы

Сақтандыру мерзімі

Сақтандырушиның М.О.

5-Қосымша

Бір жылдан аз мерзімге жасалған автокөлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндettі сақтандыру бойынша Төлем мөлшерінің кестесі

Сақтандыру мерзімі

|Жылдық төлемнің процентпен

1 айға дейін	20
1 айдан 2 айға дейін	30
2 айдан 3 айға дейін	40
3 айдан 4 айға дейін	50
4 айдан 5 айға дейін	60
5 айдан 6 айға дейін	70
6 айдан 7 айға дейін	75
7 айдан 8 айға дейін	80
8 айдан 9 айға дейін	85
9 айдан 10 айға дейін	90
10 айдан 11 айға дейін	95

6-Қосымша

**Келтірілген залал (зиян) үшін сақтандыру өтемінің
Мөлшері**

**(сақтандыру шарты жасалған күнгі ең төменгі
есептік көрсеткіштермен)**

с о м а с ы	Көрсеткіштер	Төлемдер
1.	Өмір	ж ә н е
қаза табу		д е н с а у л ы қ :
мұғедектік:	I-топтар	6 0 0 , 0 0
	II - т о п т а р	5 0 0 , 0 0
	III - т о п т а р	4 0 0 , 0 0
		3 0 0 , 0 0
Жалпы еңбекке жарамдылығын уақытша жоғалтқан кезде өтем		
емделген әр күн үшін 1,5 бірақ 200-ден артық емес.		
2. Мұліктің жойылуы мен бүлінуі		келтірілген
		з а р д а п т ы ң
		м ө л ш е р і н д е ,
		б і р а қ 4 0 0 - д е н
		а р т ы қ е м е с